

СӨОЖ жалпы мақсаты мен әдістемелік нұсқаулары

Кредиттік оқыту жүйесі СӨЖ оқытушылармен дәрісханада және дәрісханадан тыс орындалуын қарастырады. Ол :

- дәрісханада алған білімін кеңейтуге, бекітуге, тереңдетуге;
- білім жаңалықтарын белсенді пайдалануға;
- қойылған проблемаларды шешу үшін шығармашылықты дамытуға;
- студенттің дара білімінің көрінуіне;
- студенттің практикалық дағдыларды ситуациялық міндеттерді шешуде қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Өздік жұмыстары арнайы әдебиеттермен, сөздікпен, мерзімді басылымдармен, интернетпен жұмыс істеу сияқты қойылатын міндеттерді шешудегі сапалар мен дағдыларды, ұйымшылдықты, тәртіптілікті, ынталылықты, белсенділікті дамытады. Өзіндік жұмыстарының төмендегі түрлерін кеңірек қолдануға болады:

- тәжірибиелік, зертханалық сабақтарға әзірлік
- коллоквиумға, сұрақтарға әзірлік
- тестке, дәрісханадағы бақылау жұмысына әзірлік
- үй тапсырмаларын және бақылау жұмыстарын орындау
- реферат, баяндама, эссе жазу
- іскерлік ойынға әзірлік
- кейстармен жұмыс
- статьяларды аннотациялау